Жас психолог ретінде мен жиі заманауи әдістерді қолдануға тырысамын. Бұл тек классикалық психотерапия ғана емес, сонымен қатар когнитивтік мінез-құлық терапиясы, арт-терапия, медитация сияқты әдістерді де қамтиды. Әр тұлғамен жұмыс – ерекше тәжірибе. Олармен бірге қиындықтарды еңсеру, нәтижелерге қол жеткізу маған үлкен қуаныш сыйлайды. Мектепке бейімделу кез-келген мектеп жасындағылар үшін өзекті мәселе болып табылады, ал бастауыш сынып оқушылары үшін ерекше маңызды. Себебі, баланың бастапқы іс- әрекетінің түрі өзгереді, бала тап болған әлеуметтік тап өзгереді. Бала тек қана сыныбына ғана емес, жалпы мектебіне, мұғаліміне, сондай-ақ мұғалімнің өзі жаңа оқушыларына бейімделуіне тура келеді. Әрбір бала жеке тұлға десек. Оның бақытты өмір сүруі үшін барлық жағдайды жасау үлкендердің міндеті.

Балалық шақ бұл маңызды кезең, бұл үлкен өмірге дайындық немесе мектепке дайындық емес бұл баланың қазіргі өмірі, ертеңгі болашағы. Сол себепті, Елбасымыздың Жастар жылының ашылуына арналған форумда «Мамандықтан басқа мамандыққа секіріп, өзімді таппадым деп жүре бергенше, бір мамандықты жақсылып, меңгеріп соған өміріңді арна»,- деп бекер айтпады.

Менің мамандығымдағы басты мақсатым – адамдарға өздерін табуға, өмірде кездесетін қиындықтарды жеңуге, ішкі үйлесімділікті орнатуға көмектесу. Қазіргі уақытта көптеген жастар стреске, мазасыздыққа және өмірдің мәнін жоғалтуға бейім. Бұл жерде психологтың көмегі таптырмас. Жастарға бағытталған жұмысымда мен оларды түсініп, оларға қолдау көрсетуге баса назар аударамын.

Мен өз мамандығымды шынайы түрде жақсы көремін және әрдайым өзімді жетілдіріп отыруға тырысамын. Қиындықтарды бірлесіп жеңу, адамдарға бақытты өмір сүруге көмектесу - мен үшін ең үлкен марапат.

Менің психолог ретінде дамуыма адамдармен жұмыс жасауға деген құштарлық пен жеке тұлғаның психологиялық әлеміне деген терең қызығушылығым себеп болды. Әрбір адамның ішкі сезімдерін, эмоцияларын және ойларын түсінуге тырысу мені осы мамандыққа жетеледі. Әсіресе, қазіргі кезде көптеген жастар мен балалар қиындықтармен бетпе - бет келіп, олардың өмірлік мәселелерін шешу қажеттігі артып келеді. Бұл жағдай мені балалар мен жасөспірімдер психологиясына көбірек көңіл бөлуге итермеледі.

Мен үшін әрбір оқушының жағдайын жекелеп талдау және оған тиімді көмек көрсету өте маңызды. Әр адамның жеке тәжірибесі ерекше, сондықтан әмбебап шешімдер жоқ. Осыған байланысты, мен әрқашан жаңа білім алуға және түрлі психотерапиялық әдістерді меңгеруге тырысамын. Қазіргі заманның психологиялық мәселелеріне сай болу және клиенттерімнің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өз біліктілігімді үнемі арттырып отырамын. Менің алға қойған мақсатым – адамдарға ішкі үйлесімділікті табуға, өмірде кездесетін психологиялық қиындықтарды жеңуге көмектесу. Психолог болу – бұл тек кеңес беру емес, адамдарға олардың өмір сапасын жақсартуға көмектесетін жол көрсету. Осы орайда мектебімізде биылғы жылы ашылған “Инклюзивті кабинеттің” менің нәтижелі де жақсы жұмыс жасауыма көп септігін тигізеді деп білемін. Ашылу салтанатты түрде өткен күннен бастап әр оқушымен жеке жұмыс жүргізіп келемін. Себебі, бақытты бала менің жұмысымның нәтижесі деп білемін.

Сөзімді қорытындылай келе, мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез-келгеніне икемділік қажет, ол үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін еңбек. Кімде -кім өзінің мамандығын сүйіп, жүрек қалауымен қызмет етсе, өз басына да, қоғамға да үлкен пайда келтірмек. Мамандығымыз - мақсатымыз, мақтанышымыз және болашағымыз болсын дегім келеді. Өзімнің түйінімді австриялық психолог З.Фрейдтің «Адам жанын түсіне білу, оны зерттей білу- үлкен өнер»,-деген сөзімен аяқтағым келеді. Осы үлкен зертхананың ішінде менің жүруім мен үшін үлкен жауапкершілік, әрі мақтаныш. Осы саланың қыр-сырын жетік меңгеріп әрбір жанның жан тыныштыққа жетіп, мейірімділікке бөленуіне қолымнан келгенше аянбай еңбек етуге тырысамын. Менің мамандығым – менің өмірімнің мәні, асқақ балалық шағымның тілегі. Адам жанының дауасы екендігі сөзсіз.

**А.Шамшиден,**
**Егіндікөл ауылының №1 ЖОББМ психологы**

## 23 түлек Жас мемлекеттік қызметшілер мектебіне қабылданды

Ақмола облысында мемлекеттік қызметке талантты, сауатты, білімді, көшбасшылық қасиеттері бар жастарды тарту үшін Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі жұмыс істейді. Оның мақсаты жастарға мемлекеттік органдарда жұмыс істеу дағдыларын игеруге мүмкіндік беру. Осы орайда 2024 жылдың 17-30 қыркүйегі аралығында Жас мемлекеттік қызметшілер мектебіне өтінімдер қабылдау жүргізілді. Іріктеуге Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің және Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің 52 бітіруші курс студенттері өтінім білдірді. Іріктеудің келесі кезеңінде кандидаттар «Мемлекеттік қызметті таңдау себебім», «Тиімді мемлекеттік басқару жүйесін құруда шетелдік тәжірибені пайдалану», «Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі заңгерлердің рөлі», «Мемлекеттік қызметтегі менеджмент: болжамдау, жоспарлау, ұйымдастыру» тақырыптарында эссе жазды. Эссені бағалау үшін ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшінің кәсіби-тұлғалық болмысын жетілдіруге арналған қадамдық жоспарды» іске асыру аясында мемлекеттік секторға таланттар пулын іздеу және қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының жиыны өтті.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің басшысы Думан Әбілевтің айтуынша, мұндай жұмыстар түлектердің аналитикалық ойлау деңгейін анықтауға және өз өз пікірін дәлелдеу, ойын сауатты жеткізе білу қабілеттерін бағалауға мүмкіндік береді.

Жалпы, түлектердің жұмыстары олардың мемлекеттік қызметке деген қызығушылығын көрсетіп отыр. Жиын нәтижесінде, жұмыс тобының шешімімен Жас мемлекеттік қызметшілер мектебіне 23 түлек қабылданды. Ағымдағы жылдың қараша айында түлектер ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақмола облысы бойынша филиалы базасында 40 академиялық сағат көлеміндегі оқыту курстарынан өтеді. Оқыту бағдарламасы мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет жүйесі, стратегиялық менеджмент және көшбасшылық, мемлекеттік қызметтегі негізгі қағидаттар мен құндылықтар, мансап жолымен өсуге мотивация, мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормалары мен мінез-құлық қағидалары, тиімді коммуникациялар, эмоционалды интеллект, стресс-менеджмент, практикалық аналитиканың негіздері, жобалық менеджмент, жобалық жұмыстарды әзірлеу және практикалық кейстерді талдау сияқты тақырыптарды қамтитын болады. Сабақтарды өткізу үшін Филиалдың профессорлық-оқытушылық құрамы, тәжірибелі мемлекеттік қызметшілер, сарапшылар тартылады.

**Жазира Сейтмағанбетова,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің ресми өкілі**

## 23 выпускника ВУЗов зачислены в Школу молодых государственных служащих

В Акмолинской области для привлечения на государственную службу талантливой, грамотной, образованной молодежи, обладающей лидерскими качествами, функционирует Школа молодых государственных служащих, целью которой является обучение молодежи навыкам работы в государственных органах. Так, с 17 по 30 сентября 2024 года проводился прием заявок в Школу молодых государственных служащих. В отборе принимали участие 52 студента выпускных курсов Кокшетауского университета имени Абая Мырзахметова и Кокшетауского университета имени Шокана Уалиханова.

В следующем этапе отбора кандидаты в Школу писали эссе на такие темы, как: «Почему я выбираю государственную службу», «Применение зарубежного опыта в создании эффективной системы государственного управления», «Роль юристов в системе государственной службы», «Менеджмент на государственной службе: прогнозирование, планирование, организация». Для оценки эссе в рамках реализации «Пошагового плана по совершенствованию профессиональной и личностной идентичности государственного служащего», утвержденного приказом Председателя Агентства РК по делам государственной службы, проведено заседание рабочей группы по поиску и формированию пула талантов в государственный сектор.



По словам руководителя Департамента Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области Думана Абилева, подобные работы позволяют выявить уровень аналитического мышления выпускников и оценить их умение аргументировать свое мнение, грамотно излагать свои мысли. В целом, работы выпускников демонстрируют их интерес к государственной службе. По итогам заседания решением рабочей группы в Школу молодых государственных служащих принято 23 выпускника. В ноябре текущего года выпускники пройдут обучающие курсы в объеме 40 академических часов на базе филиала Академии государственного управления при Президенте РК по Акмолинской области. Программа обучения будет охватывать такие темы, как государственное управление и система государственной службы, стратегический менеджмент и лидерство, основные принципы и ценности на государственной службе, мотивация к карьерному росту, этические нормы и принципы поведения государственных служащих, эффективные коммуникации, эмоциональный интеллект, стресс-менеджмент, основы практической аналитики, проектный менеджмент, разработка проектных работ и анализ практических кейсов. Для проведения занятий будут привлекаться профессорско-преподавательский состав Филиала, опытные государственные служащие, эксперты.

**Жазира Сейтмаганбетова,**
**официальный представитель Департамента Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области**

## Ақмола облысында 54 мемлекеттік қызметші әлеуметтік қолдау шараларымен қамтылды



Бүгінгі таңда әлеуметтік қолдау шараларын көрсету аудандық және ауылдық жерлерге жас мамандарды тартудың тиімді құралы болып қала береді. Ауылдық жерге жұмыс істеуге және тұруға келген мемлекеттік қызметшілерге көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары көрсетіледі. Заңнамаға сәйкес көтерме жәрдемақы 100 айлық есептік көрсеткішке тең сомада, ал тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау, яғни бюджеттік кредит ауданның әкімшілік орталығы болып табылатын ауылдық елді мекендерге келген мамандар үшін 2500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын сомада, ал ауылдық елді мекендерге келген мамандар үшін 2000 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада айқындалған. Әлеуметтік қолдаудың қосымша шаралары басшылық лауазымдарды атқаратын адамдарға қолданылмайтынын атап өткен жөн. Бұл шаралар E-G-3, E-G-4 санаттарындағы мемлекеттік қызметтің бас және жетекші мамандары үшін қарастырылған.

Ақмола облысы экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының мәліметіне сәйкес сәйкестендірілген заңнамалық норма бекітілген уақыттан бері Ақмола облысында 54 мемлекеттік қызметшіге әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілді. Атап айтқанда, тұрғын үй салу немесе сатып алу үшін 15 мемлекеттік қызметшіге 71 388 000 теңге мөлшерінде бюджеттік кредит, 48 мемлекеттік қызметшіге 15 944 000 теңге мөлшерінде көтерме жәрдемақы төленді. Сонымен қоса, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің басшысы Думан Әбілев атап өткендей, мемлекеттік қызмет саласындағы заңмен мемлекеттік қызметшілерді «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де заңнамада айқындалатын тәртіппен тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрғынжай жағдайларын жақсартуға мұқтаж қызметшілерге жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін беру, белгіленген тәртіппен мемлекеттік денсаулық мекемелерінде медициналық қызмет көрсетуді пайдалану мүмкіндіктері көзделген. Оған қоса, мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік органның штат кестесі қысқарған, таратылған жағдайда жұмыстан шығу жәрдемақысын төлеу, қайта ұйымдастырылған жағдайда функциялары берілген басқа мемлекеттік органнан бұрынғы атқарған лауазымымен мәні бірдей лауазым, болмаған жағдайда өзге мемлекеттік лауазым ұсыну қарастырылған.

**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті**

## В Акмолинской области мерами социальной поддержки охвачены 54 государственных служащих

На сегодняшний день оказание мер социальной поддержки остается эффективным инструментом привлечения молодых специалистов в районную и сельскую местность. Государственным служащим, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты, предоставляются меры социальной поддержки в виде подъемного пособия и бюджетного кредита на приобретение или строительство жилья. Согласно законодательству подъемное пособие определено в сумме, равной 100 МРП, бюджетный кредит для приобретения или строительства жилья: для прибывших в сельские населенные пункты, являющиеся административными центрами района в сумме, не превышающей 2500 МРП, для прибывших в сельские населенные пункты в сумме, не превышающей 2000 МРП.

Следует отметить, что дополнительные меры социальной поддержки не применяются к лицам, занимающим руководящие должности. Данные меры предусмотрены для главных и ведущих специалистов государственной службы категорий E-G-3, E-G-4.

По данным Управления экономики и бюджетного планирования Акмолинской области, с момента утверждения законодательной нормы в Акмолинской области оказаны меры социальной поддержки 54 государственным служащим. В частности, для строительства или приобретения жилья 15 государственным служащим выплачен бюджетный кредит в размере 71 388 000 тенге, 48 государственным служащим -подъемное пособие в размере 15 944 000 тенге.

Кроме того, как отметил руководитель Департамента Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области Думан Абилев, законодательством в сфере государственной службы предусмотрено обеспечение государственных служащих жильем в порядке, определяемом законом Республики Казахстан «О жилищных отношениях» и иным законодательством, предоставление земельных участков для индивидуального жилищного строительства служащим, нуждающимся в улучшении жилищных условий, в установленном порядке предусмотрены возможности использования медицинских услуг в государственных учреждениях здравоохранения. Кроме того, государственным служащим предусмотрена выплата выходного пособия в случае сокращения или ликвидации штатного расписания государственного органа, в случае реорганизации государственного органа предусмотрено предоставление равнозначной, а в случае отсутствия иной государственной должности в другом государственном органе, куда были переданы функции ведомства.

**Департамент Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области**

## Ақмола облысында қызметтік автокөлікті қызметтік емес мақсатта пайдаланудың 21 фактісі анықталды

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментімен орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен жергілікті атқарушы органдардың қызметтік автокөлікті жеке мақсатта пайдалануға тыйым салуға байланысты шектеулерді сақтау жөніндегі қызметіне жүргізілген талдау қорытындысы шығарылды.

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік органдардың балансында 800-ден астам қызметтік автокөліктер бар.

«Ағымдағы жылдың I жартыжылдығында әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімінің мәліметтеріне сәйкес қызметтік автокөлікті басқару кезінде ЖҚЕ бұзушылықтарға жол берген адамдарды әкімшілік жауапкершілікке тартудың 201 фактісі анықталды.

Көптеген жағдайларда жол қозғалысы ережелерін бұзу белгіленген қозғалыс жылдамдығын сақтамаумен байланысты, сондықтан «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 592-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін 112 адам жауапқа тартылды» - деп Департамент басшысы Думан Әбілев. Талдау шеңберінде Департаменттің хаттары негізінде кінәлі тұлғалар жалпы сомасы 350 мың теңгеден асатын мөлшерде 25 әкімшілік айыппұл төледі.

Сонымен қатар талдаумен жалпы сомасы 418 942 теңгеге залал келтірілгені анықталды. Департамент қабылдаған шаралардан кейін мемлекеттік органдардың қаражаты есебінен төленген жалпы сомасы 27 690 теңгеге айыппұлдар ерікті түрде қайтарылды. Жалпы сомасы 391 252 теңгеге іссапар шығыстарын заңсыз төлеу фактілері анықталып, олар Департамент талаптарының негізінде бюджетке қайтарылды.

Басқа жағдайда Департамент жалпы сомасы 88 608 теңгеге іссапар төлемдерін алу құқығынан негізсіз айырылған 2 қызметкердің құқығын қалпына келтірді.

«Ақылы автомобиль жолдары дирекциясы» филиалының «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы ұсынған мәліметтерді зерделеу қорытындысы бойынша Департаментпен қызметтік автокөлікті қызметтік емес мақсаттарда пайдаланудың 21 фактісі анықталды.

Сонымен қатар, Департамент Ақмола облысы полиция департаментінің жол-патрульдік қызметімен бірлесіп. демалыс күндері қызметтік автокөлікті жеке мақсатта пайдалану фактілерін анықтау бойынша рейдтік іс-шаралар өткізді. Рейд қорытындысы бойынша Ақмола облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы қызметшілерінің қызметтік автокөлікті заңсыз пайдалану фактісі анықталды.

Талдау қорытындысы бойынша - 13 адам, оның ішінде қызметтік автокөлікті жеке мақсатта пайдаланғаны үшін - 9 адам, тиісті бақылаудың жоқтығы үшін - 2 мемлекеттік орган басшысы және іссапар шығыстарын негізсіз төлеумен және іссапарды тиісінше ресімдемеумен байланысты өзге де бұзушылықтар үшін - 2 адам тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Думан Әбілевтің айтуынша, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік автокөлікті қызметтік емес мақсатта пайдалануы қоғамның мемлекеттік институттарға деген сеніміне нұқсан келтіреді және Департаменттің міндеті бақылау және түсіндіру іс-шараларын жүргізу арқылы осындай бұзушылықтардың алдын алу болып табылады.

**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының ақпараты**

---

Официальная страница

## Егіндікөл ауданы әкімінің 2024 жылдың екінші жартыжылдығына халықпен тұрақты кездесу КЕСТЕСІ

| Аудан/қала әкімдері | **10** желтоқсан сейсенбі | **11** желтоқсан сәрсенбі | **12** желтоқсан бейсенбі | **13 желтоқсан** жұма |
|---|---|---|---|---|
| Егіндікөл ауданының әкімі | Бауман а., Бауман ауылының ЖББМ, сағ. 10:00 | Жалманқұлақ а/о, әкімдік, сағ. 10:00 | Алакөл а/о, мәдени-демалыс орталығы, сағ. 10:00 | Егіндікөл а., аудандық Мәдениет үйі, сағ. 11:00 |
| | Қоржынкөл а., Қоржынкөл ауылының ЖББМ, сағ. 11:30 | Спиридоновка а., Спиридоновка ауылының ЖББМ, сағ. 12:00 | Буревестник а., әкімдік, сағ. 12:00 | |
| | | Абай а., әкімдік, сағ. 16:00 | Ұзынкөл а/о, мәдени-демалыс орталығы, сағ. 14:00 | |

## Егіндікөл ауданының ауыл және ауылдық округ әкімдерінің 2024 жылдың екінші жартыжылдығына халықпен тұрақты кездесу КЕСТЕСІ

| Аудан/ қала | А/о, ауыл, кент, аудандық маңызы бар қала әкімдері | **5 желтоқсан** бейсенбі | **10 желтоқсан** сейсенбі | **11 желтоқсан** сәрсенбі | **12 желтоқсан** бейсенбі | **13 желтоқсан** жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Егіндікөл ауданы | **Бауман ауылының әкімі** | | **Бауман ауылы, жалпы білім беретін мектеп, сағ.** 10.00 | | | |
| | **Қоржынкөл ауылының әкімі** | | **Қоржынкөл ауылы, жалпы білім беретін мектеп, сағ.** 11.30 | | | |
| | **Жалманқұлақ ауылдық округінің әкімі** | **Жұлдыз ауылы, медициналық пункт, сағ.** 10.00 | | **Жалманқұлақ ауылы, әкімдік, сағ.** 10.00 | | |
| | **Спиридоновка ауылының әкімі** | | | **Спиридоновка ауылы, жалпы білім беретін мектеп, сағ.** 12.00 | | |
| | **Абай ауылының әкімі** | | | **Абай ауылы, әкімдік, сағ.** 15.00 | | |
| | **Алакөл ауылдық округінің әкімі** | **Көркем ауылы, негізгі орта мектеп, сағ.** 10.00 | | | **Полтавское ауылы, мәдени-демалыс орталығы, сағ.** 10.00 | |
| | **Буревестник ауылының әкімі** | | | | **Буревестник ауылы, әкімдік, сағ.** 12.00 | |
| | **Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі** | **Тоғанас ауылы, негізгі орта мектеп, сағ.** 10.00 | | | **Ұзынкөл ауылы, мәдени-демалыс орталығы, сағ.** 15.00 | |
| | **Егіндікөл ауылының әкімі** | | | | | **Егіндікөл ауылы, Аудандық Мадениет үйі, сағ.** 11.00 |

## ГРАФИК
## регулярных встреч акима Егиндыкольского района с населением во втором полугодии 2024 года

| Акимы районов/ городов | **10 декабря** вторник | **11 декабря** среда | **12 декабря** четверг | **13 декабря** пятница |
|---|---|---|---|---|
| Аким Егиндыкольского района | **с.Бауманское, ОШ села Бауманское,** 10.00 час. | **Жалманкулакский с/о, село Жалманкулак, акимат,** 10.00 час. | **Алакольский с/о, культурно-досуговый центр,** 10.00 час. | **с.Егиндыколь, районный Дом культуры,** 11.00 час. |
| | **Коржинколь, ОШ села Коржинколь,** 11.30 час. | **с.Спиридоновка ОШ села Спиридоновка** 12.00 час | **с.Буревестник, акимат,** 12.00 час. | |
| | | **с.Абай, акимат,** 15.00 час | **Узынкольский с/о, село Узынколь, культурно-досуговый центр,** 15.00 час. | |

## ГРАФИК
## регулярных встреч акимов сел и сельских округов Егиндыкольского района с населением в четвертом квартале 2024 года

| Район/город | Акимы с/о, сел, поселков, городов рай.значения | **05 декабря** четверг | **10 декабря** вторник | **11 декабря** среда | **12 декабря** четверг | **13 декабря** пятница |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Егиндыкольский район | **Аким села Бауманское** | | село Бауманское, общеобразовательная школа, 10.00 | | | |
| | **Аким села Коржинколь** | | село Коржинколь, общеобразовательная школа, 11.30 | | | |
| | **Аким Жалманкулакского сельского округа** | село Жулдыз, медицинский пункт, 10.00 | | село Жалманкулак, акимат, 10.00 | | |
| | **Аким села Спиридоновка** | | | село Спиридоновка, общеобразовательная школа, 12.00 | | |
| | **Аким села Абай** | | | село Абай, акимат, 15.00 | | |
| | **Аким Алакольского сельского округа** | село Коркем, основная средняя школа, 10.00 | | | село Полтавское, культурно-досуговый центр, 10.00 | |
| | **Аким села Буревестник** | | | | село Буревестник, акимат, 12.00 | |
| | **Аким Узынкольского сельского округа** | село Тоганас, основная средняя школа, 10.00 | | | село Узынколь, культурно-досуговый центр, 15.00 | |
| | **Аким села Егиндыколь** | | | | | село Егиндыколь, районный Дом культуры, 11.00 |

**Актуально**

## В Акмолинской области защищены права госслужащих с инвалидностью



Департаментом Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области проведен анализ соблюдения прав государственных служащих, имеющих инвалидность. Анализом установлено, что на государственной службе Акмолинской области состоят 65 лиц, имеющих инвалидность, из которых 13 имеют I и II группу инвалидности: в местных исполнительных органах 6, в территориальных подразделениях центральных государственных органов 6 и в представительных органах 1 служащий. Трое лиц занимают руководящие должности. Согласно подпункту 106) пункта 1 статьи 1 Социального кодекса Республики Казахстан лицо с инвалидностью – лицо, имеющее нарушение здоровья со стойким расстройством функций организма, обусловленное заболеваниями, увечьями (ранениями, травмами, контузиями), их последствиями, нарушениями, которое приводит к ограничению жизнедеятельности и необходимости его социальной защиты. Использование труда работников с инвалидностью ограничивается их медицинскими показаниями.

В соответствии со статьей 143 Трудового кодекса труд государственных служащих Республики Казахстан регулируется настоящим Кодексом с особенностями, предусмотренными законами Республики Казахстан и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, устанавливающими особые условия и порядок поступления на службу, ее прохождения и прекращения, особые условия труда, условия оплаты труда, а также дополнительные льготы, преимущества и ограничения. В соответствии с частью 3 статьи 69 Трудового кодекса работникам с инвалидностью первой и второй групп устанавливается сокращенная продолжительность рабочего времени – не более 36 часов в неделю.

В ходе анализа Департаментом запрошены табеля учета рабочего времени с целью выяснения обстоятельств установления работодателем указанным лицам сокращенной продолжительности рабочего времени. По итогам изучения данных было установлено 6 фактов нарушения прав лиц с инвалидностью, а именно работодателем не был установлен сокращенный режим рабочего времени в отношении таких служащих. В этой связи Департаментом по итогам анализа руководителям государственных органов внесено информационное письмо об устранении имеющихся нарушений. На основании письма Департамента указанным лицам установлена сокращенная продолжительность рабочего времени.

**Думан Абилев,**
**руководитель Департамента Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области**

## Ақмола облысында өңірлік кадр резервінің бірнеше мүшесі бос лауазымдарға тағайындалды

Ақмола облысында өңірлік кадр резерві мүшелерін лауазымдарға тағайындау жұмыстары жалғасуда. Естеріңізге сала кетсек, ағымдағы жылдың 22 тамызында облыстық кадр комиссиясының шешімімен Өңірлік кадр резервіне 25 адам іріктелді. Резервшілер жергілікті атқарушы органдарда сайланатын лауазымдарды қоспағанда, 2 жыл ішінде «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына тағайындалуы мүмкін.

Осылайша, өңірлік кадр резервінің мүшесі - Теміртаев Тамерлан Советұлы Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімі аппаратының басшысы лауазымына тағайындалды.

Тамерлан Теміртаев 2018 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін «Қаржы» мамандығы бойынша, 2020 жылы Еуразия гуманитарлық институтын «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын жеке секторда тәжірибе жинақтаудан бастаған.

Мемлекеттік қызметтегі еңбек өтілін 2019 жылы Ақмола облысы экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бас маманы лауазымынан бастап, Астана қаласының білім басқармасында жалғастырған. Осыған дейін Астана қаласы білім басқармасының экономика және жоспарлау бөлімінің басшысы лауазымында қызмет атқарып келді.

Өңірлік кадр резервінің тағы бір мүшесі - Абулғазин Альнур Рүстемұлы Ақмола облысының әкімі аппаратының экономика мәселелері жөніндегі бас инспекторы лауазымына тағайындалды.

Альнур Абулғазин 2019 жылы Қазақстан-Британ техникалық университетін «Қаржы» мамандығы бойынша бітірді. 2022 жылы осы университетте «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесін алды.

Еңбек жолын жеке секторда ассистент, қаржылық талдаушы ретінде тәжірибе жинақтаудан бастаған.

Мемлекеттік қызметтегі еңбек өтілін 2021 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінде сарапшы лауазымынан бастап, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінде бас сарапшы ретінде жалғастырған. Осы күнге дейін Ақмола облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы өнеркәсіп бөлімінің басшысы лауазымында қызмет атқарып келді.

Өңірлік кадр резервінің келесі мүшесі - Жақсыгельдинова Әйгерім Темерболатқызы Ақмола облысы әкімі аппаратының ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі бас маманы лауазымына тағайындалды.

Әйгерім Темерболатқызы 2015 жылы Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетін «Аграрлық техника және технология» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылық бөлімінде агроном-тұқым өсіруші лауазымынан бастаған.

Өз мамандығы бойынша жеке секторда, атап айтқанда «Қазақстан аграрлық сараптамасы»акционерлік қоғамының облыстық филиалында, «ЗерноАгроЭксперт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде тәжірибе жинақтаған. Осы тағайындауға дейін Жарқайың ауданының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімінде бас маман лауазымында қызмет атқарып келді. Мемлекеттік қызметтегі еңбек өтілі 4 жылды құрайды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің басшысы Думан Әбілевтің айтуынша, осы бағыттағы жұмысты жандандыру мақсатында Департамент облыс, аудан, қала әкімдіктерімен тығыз байланыста жұмыс істеп, тұрақты негізде кадр қажеттілігіне талдау жүргізуде. Бүгінгі таңда Ақмола облысының жергілікті атқарушы органдарында бос лауазымдардың үлесі 10,6% құрайды.

## Восстановлены права 296 фермеров в получении субсидий на сумму более 618 млн. тенге

Департаментом Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области восстановлены права фермеров, которые по вине услугодателя лишились возможности получения государственной услуги «Субсидирование стоимости пестицидов, биоагентов (энтомофагов), предназначенных для проведения обработки против вредных и особо опасных вредных организмов с численностью выше экономического порога вредоносности и карантинных объектов».

В соответствии с правилами оказания данной государственной услуги, прием заявок на получение субсидий осуществлялся с 1 апреля до 1 декабря 2023 года. Фермерские хозяйства своевременно обратились за получением субсидий в Управление сельского хозяйства и земельных отношений Акмолинской области.

В ходе проверки установлено, что Управлением было отказано услугополучателям в оказании государственной услуги в связи с неправильным оформлением заявок. При этом данные заявки были рассмотрены с нарушением сроков, то есть после 1 декабря 2023 года. в результате, фермеры остались без возможности повторной подачи заявок на субсидирование в информационной системе «Gosagro.kz». Подобные факты имели место по 296 заявкам на сумму более 618 миллионов тенге.

«В соответствии со статьей 13 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан незаконный административный акт, принятый по вине административного органа, должностного лица, а также незаконное административное действие (бездействие), совершенное по вине административного органа, должностного лица, не могут повлечь обременяющие последствия для участника административной процедуры. Иными словами, нарушение сроков рассмотрения заявок услугодателем не должно повлечь за собой обременяющие последствия для предпринимателей» - отмечает руководитель Департамента Думан Абилев.

По итогам проверки Департаментом внесено представление в Управление о восстановлении нарушенных прав услугополучателей. В результате, в октябре текущего года фермерским хозяйствам предоставлена возможность для повторной подачи заявок на субсидирование в информационной системе. Список получателей субсидий направлен в Палату предпринимателей Акмолинской области для извещения фермеров.

В настоящее время услугополучатели повторно подают заявки и проходят процедуры по назначению субсидий.

**Информация управления государственных услуг Департамента Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области**

Мәдениет

# Үздік мәдениет қызметкері




*Мәдениет пен өнер – өмірдің ажырамас бөлігі, еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі. Мәдениет пен өнер саласындағы мәртебелі мамандық иелерінің атқарар жұмысы, халық назарына ұсынар жаңалығы да мол. Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басудың бір тетігі – мәдениет қызметкерлерін қолдау. Елдің рухани дамуы мен кемелденуі мәдениеттің қарқынды дамуымен ұштасып жатыр. Еліміздің атын шығаратын да – мәдениет пен өнер.*
*Қасым-Жомарт Кемелұлы ТОҚАЕВ Қазақстан Республикасының Президенті*

Мәдениет – ұлт өмірінің айнасы, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан халықтың рухани келбеті, мейірімі мен парасат-пайымы. «Мәдениет – елдің ең басты рухани байлығы, асыл мұрасы. Қай елдің мәдениеті мықты дамыса, сол елдің еңсесі де биік болады»,- деген есті сөз ел жадында. Бұл тұрғыдан келгенде біздің көсіле сөйлеуімізге болады. Арғы ата бабаларымыздан қалған асыл мұралар, Қазақ хандығының іргесі қаланғаннан бергі жиналған жауһар дүниелер әлем алдында абыройымызды биіктетіп келеді. Соларды насихаттап, көкке көтеріп жүрген мәдениет саласы қызметкерлерінің еңбегі орасан. Әрине, өнерді құрметтеп, мәдениетті өркендету – баршамыздың ортақ мақсатымыз. Десе де, мәдениет үйлерінде ұйымдастырушы болып жұмыс істеп жандардың рөлі ерекше. Соның бірі және бірегейі бүгін біз сөз қылғалы отырған ИбилямоваЛаураЖұмағалиқызы. Ибилямова Лаура Жұмағалиқызы 2012 жылдан бастап аудандық мәдениет үйінде табандылықпен жұмыс істеп келеді. Лаура Жұмағалиқызы ауданымызға мәдениет саласының тізгінін ұстаған күннен бастап аудандық, облыстық барша іс шараларды ұйымдастырып келеді. Аудандық мәдениет үйінде вокалдық үйірмелерге жетекшілік қылып көптеген облыстық байқаулардың лауреаттарын өсіріп, тәрбиелеп жүрген жан. Күміс көмей әнші. Өнерінің арқасында өскелең ұрпаққа берері көп Лаура Жұмағалиқызы аудандық мәдениет үйінде Амангелді Райханның жетекшілігімен құрылған «Сазды әуен» фольклорлық ансамблінің мүшесі. «Сұңқар», «Наз», «Кербез» атты трио, квартеттен құрылған жастардың әншілік шеберлігін ұштап, облыстық деңгейге дейін көтерді. Жылдағы дәстүрге айналған «Ақмола жұлдыздары» атты көркемөнерпаздар шығармашылығы байқауында шәкірттері байқауларда топ жарып жүр. Лаура Жұмағалиқызы әншілігімен бірге ауданымызда өтетін шараларда сахналық қойылымдар ұйымдастырып, рөлін сомдап жүрген актриса. Ол кісінің мәулiт мерекесінде сомдаған «Қарттар үйі», балаларға арналған «Аңқау қоян» атты ертегіде сомдаған қу түлкінің рөлі тамашагөйлерді тәнті еткен. Жалпы Лаура Жұмағалиқызы руханиятты дамытуға, адамгершілікті, қайырымдылық пен өзара түсіністікті өрістетуге жол ашып, үздік мәдени дәстүрлерді сақтауға және молайтуға ерекше мән беріп, айтарлықтай үлесқосып келеді. Халқымыздың бай мәдени мұрасы мен руханиятының дамуына үлес қосып келе жатқан мәдениет қызметкерлері Лаура Жұмағалиқызының еңбегі бағаланып 2015 жылдан бастап аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапатталған. Облыстық байқаулардың жүлдегері атанып келеді. .

Ұлттық сананың кемелденуі жолында мәдениет саласының Лаура Жұмағалиқызының қосатын үлесі орасан. Мұның барлығы – өнер адамдарының еселі еңбегі, жүйелі жұмысы. Өмір айнасы өнер болған соң, ол жарыққа шықпай тұра алмайды. Олай дейтініміз, мәдени шаралардың өзі – өмірдің бір бөлшегі және ұрпаққа берер тәрбие.



**Ж. Ахметова**
**Аудандық Мәдениет үйінің әдіскері**

## Егіндікөл аудандық мәслихатының депутаттары мен Егіндікөл ауданы тұрғындарының назарына

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес 2024 жылғы 27 қараша күні сағат 11.00-де Егіндікөл ауылында сегізінші шақырылған Егіндікөл аудандық мәслихатының кезектен тыс 24 сессиясы шақырылатынын хабарлаймын.
Сессияның қарауына негізгі мәселелер енгізіледі:
1.Егіндікөл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 8С13-2 «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
Баяндамашы: Придан Светлана Васильевна – «Егіндікөл ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы.
2. Егіндікөл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 8С13-2 «Егіндікөл ауданының 2024-2026 жылдарға арналған ауылдық округтері мен ауылдарының бюджеттері туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
Баяндамашы: Придан Светлана Васильевна – «Егіндікөл ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы.
Егіндікөл аудандық мәслихаты депутаттарының келуі сағат 10.30.
Егіндікөл аудандық мәслихат сессиясының Онлайн көрсетілімі Facebook платформасында https://www.facebook.com/profile.php?id=100053669980397 өткізіледі.

**Қ. Шынтеміров,**
**Егіндікөл аудандық**
**мәслихатының төрағасы**

## К сведению депутатов Егиндыкольского районного маслихата и населения Егиндыкольского района

В соответствии с пунктом 3 статьи 10 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» сообщаю, что 27 ноября 2024 года в 11.00 часов в селе Егиндыколь созывается внеочередная 24 сессия Егиндыкольского районного маслихата восьмого созыва.
На рассмотрение сессии вносятся основные вопросы:
1.О внесении изменений в решение Егиндыкольского районного маслихата от 22 декабря 2023 года № 8С13-2 «О районном бюджете на 2024–2026 годы».
Докладчик: Придан Светлана Васильевна – руководитель государственного учреждения «Отдел экономики и финансов Егиндыкольского района».
2.О внесении изменений в решение Егиндыкольского районного маслихата от 25 декабря 2023 года № 8С14-2 «О бюджетах сельских округов и сел Егиндыкольского района на 2024-2026 годы».
Докладчик: Придан Светлана Васильевна – руководитель государственного учреждения «Отдел экономики и финансов Егиндыкольского района».
Заезд депутатов Егиндыкольского районного маслихата в 10.30 часов.
Онлайн-трансляция сессии Егиндыкольского районного маслихата будет проводиться на платформе Facebook
https://www.facebook.com/profile.php?id=100053669980397

**К. Шинтемиров,**
**председатель Егиндыкольского**
**районного маслихата**

**Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс:2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна | Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі Жарнама берушілер жіберген қателіктер бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін | Газет « Алтын астық «газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты | Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балшых Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия | Тіркеу куәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады. |